



«31» 08 2026 ж.

«КЕЛІСЕМІН»

Директордың ғылыми-әдістемелік
ісі жөніндегі орынбасары:

C. Oesef

«28» 08 2026 ж.

«ШЕТЕЛ ТІЛ» ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ
2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Бірлестік жетекшісі: Инсегенева Б.Г

ЖҰМЫС ЖОСПАР ТАҚЫРЫБЫ:

«Жана үрдістегі оқу әдістерін және жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып, оқушылардың ағылшын тілін меңгеру сапасын арттыру»

МАҚСАТЫ:

- Оқушылардың ағылшын тіліндегі коммуникативтік, функционалдық және тілдік сауаттылығын арттыру;
- Заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдер мен цифрлық технологияларды оқу үдерісіне тиімді енгізу;
- Жасанды интеллект құралдарын білім беру мақсатында қауіпсіз, тиімді және жауапты қолдануды қалыптастыру;
- Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін, шығармашылық және зерттеушілік әлеуетін дамыту;
- Дарынды оқушыларды олимпиада, байқау, ғылыми жоба және түрлі тілдік сайыстарға жүйелі дайындау.

МІНДЕТТЕРІ:

- Ағылшын тілі сабақтарында оқытудың заманауи және тиімді әдістерін жүйелі қолдану;
- PISA және функционалдық сауаттылық бағытындағы тапсырмаларды сабаққа енгізу;
- Оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын кешенді дамыту;
- Жасанды интеллект көмегімен сабақ жоспары, тапсырма, мәтін, диалог, бағалау және кері байланыс үлгілерін әзірлеуді үйрену;
- ЖИ құралдарын пайдалануда академиялық адалдық, дербес деректерді қорғау және мұғалімнің кәсіби бақылау қағидаларын сақтау;
- Оқушылардың цифрлық және ақпараттық сауаттылығын арттыру;
- Үлгерімі төмен оқушылармен жеке және сараланған жұмыс жүргізу;
- Дарынды және қабілетті оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу;
- Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуын, ашық сабақтар мен шеберлік сағаттарын ұйымдастыру.

ЫРЛЕСТІК ЖЕТЕКШІСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

- Әдістемелік бірлестік жұмысын жоспарлау және жүйелі ұйымдастыру;
- Мұғалімдердің кәсіби дамуына қолдау көрсету және тәжірибе алмасуды ұйымдастыру;
- Ағылшын тілі пәні бойынша білім сапасының мониторингін жүргізу;
- Мұғалімдердің озық тәжірибесін жинақтау және тарату;
- ЖИ және цифрлық құралдарды тиімді қолдану бойынша тәжірибелік жұмыстар ұйымдастыру;
- Пәндік олимпиадаларға, байқауларға және ғылыми жобаларға дайындықты үйлестіру;
- Оқу-әдістемелік құжаттардың сапалы жүргізілуін бақылау.

ЖАЛПЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ЫРЛЕСТІК ЖҰМЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ:

- Әдістемелік отырыстар өткізу;
- Нормативтік құжаттармен және әдістемелік нұсқау хаттармен танысу;
- Ағылшын тілі пәні бойынша пәндік атталықтар ұйымдастыру;
- Ашық сабақтар, коучингтер, шеберлік сағаттары және семинарлар өткізу;
- PISA, функционалдық сауаттылық және тілдік дағдылар бойынша тапсырмалар әзірлеу;
- ЖИ құралдарын сабақта қолдану тәжірибесін енгізу және талдау;
- Оқушыларды олимпиада, дебат, байқау, ғылыми жоба және тілдік сайыстарға дайындау;
- Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізу;
- Өзара сабаққа қатысу және тәжірибе алмасу;
- Мұғалімдердің кәсіби даму курстарына қатысуын қолдау.

2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№	Айы	Іс-шаралар	Жауапты
1	Тамыз	ӘБ отырысы; 2025–2026 оқу жылындағы ӘБ жұмысына талдау; 2026–2027 оқу жылына максат-міндеттерді анықтау; нормативтік құжаттармен және әдістемелік нұсқау хатпен танысу; КТЖ-ларды талқылау және бекіту; оқу кабинетін дайындау.	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
2	Қыркүйек	Оқушылардың бастапқы білім деңгейін диагностикалау; тілдік дағдылар бойынша мониторинг; «Жасанды интеллект – мұғалімнің көмекшісі» тақырыбында тәжірибе алмасу; ЖИ құралдарын сабақта қауіпсіз әрі тиімді қолдану жолдары.	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
3	Қазан	PISA және функционалдық сауаттылыққа бағытталған тапсырмалар әзірлеу; Speaking, Listening, Reading, Writing дағдыларын дамыту; ЖИ көмегімен сабақ жоспары, метін, диалог және жаттығулар құрастыру; олимпиада мен байқауларға оқушыларды дайындау.	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
4	Қараша	ӘБ отырысы; I тоқсан бойынша БЖБ/ТЖБ нәтижелерін талдау және модерация; үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты талдау; ашық сабақтар және өзара сабаққа қатысу; ЖИ арқылы сараланған тапсырмалар әзірлеу; олимпиадаға дайындық.	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
5	Желтоқсан	Ағылшын тілі сабақтарында коммуникативтік әдістерді тиімді қолдану; оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту; цифрлық ресурстар мен ЖИ	ӘБ жетекшісі, пән

		құралдарын пайдалану тәжірибесімен бөлісу; білім сапасына талдау жасау.	мұғалімдері
		ӘБ отырысы; II тоқсан және I жартыжылдық бойынша БЖБ/ТЖБ нәтижелерін талдау; білім сапасының мониторингі; ЖИ көмегімен деңгейлік және сараланған тапсырмалар әзірлеу; әдістемелік тәжірибе алмасу.	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
6	Қаңтар	Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру; мәтінмен жұмыс және ақпаратты талдау тапсырмалары; ағылшын тілі пәнінің ағталығын ұйымдастыру; ашық сабақтар, викториналар, дебаттар және шығармашылық байқаулар өткізу.	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
7	Ақпан	ӘБ отырысы; III тоқсан бойынша БЖБ/ТЖБ нәтижелерін талдау; үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс нәтижелерін мониторингілеу; 9 және 11 сыныптарды қорытынды аттестаттауға дайындау; тест тапсырмаларын талдау; ЖИ арқылы дайындық материалдарын әзірлеу.	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
8	Наурыз	Қорытынды аттестаттауға дайындық; ЖИ қолданудың тиімділігін талдау; тиімді промттар мен тапсырмалар қорын жинақтау; дарынды оқушылармен жұмысты жетілдіру; әдістемелік әдебиеттерге шолу.	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
9	Сәуір	ӘБ отырысы; 2026–2027 оқу жылғындағы ӘБ жұмысының қорытынды есебі; білім сапасы мен үлгерімді талдау; олимпиада, байқау және ғылыми жоба нәтижелерін қорытындылау; ЖИ қолдану тәжірибесін бағалау; келесі оқу жылына SMART мақсаттар мен жұмыс жоспарын әзірлеу.	ӘБ жетекшісі, пән мұғалімдері
10	Мамыр		

ЖИ-ДЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

- Сабақ мақсатына сәйкес тапсырмалар мен жаттығулар құрастыру;
- Мәтіндерді оқушы деңгейіне қарай жеңілдету немесе күрделендіру;
- Сөздік қорды дамытуға арналған сөздер, диалогтар және жағдаяттар дайындау;
- Speaking, Writing, Reading, Listening дағдыларына арналған тапсырмалар әзірлеу;
- Сараланған және жеке тапсырмалар дайындау;
- Қалыптастырушы бағалау, дескриптор және кері байланыс үлгілерін әзірлеу;
- Интерактивті ойындар, викториналар және шығармашылық тапсырмалар жасау;
- Мұғалім жұмысының уақытын тиімді ұйымдастыру және шығармашылыққа көбірек мүмкіндік беру.

Ескерту: ЖИ құралдары мұғалімді алмастырмайды. ЖИ ұсынған ақпарат пен материалды мұғалім міндетті түрде тексеріп, оқу мақсатына, оқушы жасына және оқу бағдарламасына сәйкестігін бағалайды.

ӘБ жетекшісі: Инсегенева Б.Г.

